2. Шартты бағыныңқылы сабақтас
3. Мәжбүр-себеп етістіктер
4. Сөз тудырушы жұрнақтар
5. Шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем
6. Есімнің сөйлемде атқаратын қызметі
7. Есімдердің түрлері
8. Есімдіктердің лексика-грамматикалық топтары

Китайский язык

уровень B2

句子类型：
主谓谓语句
无主句
单句
复句
双重疑问句

特殊句式：
独词句
反问句
连动句
存现句

兼语句
连动兼语句
“把”字句
“把”字句小结

句子成分：
可能补语
情态补语
结构补语“上，开”
关上门，戴上围巾，写上名字，带上护照
打开礼物，打开书，切开苹果，搬开桌子
“着，住”做结果补语
“起来”的引申用法
“下去”的引申用法
“出来”的引申用法

离合词

词性：
方位名词：“后来”与“以后”
副词“更”，“最”表示比较
副词“还”、“就”、“可”、“又”、“都”、“再”和“又”、“最好”
介词“为”、“由”、“按”
用介词“比”表示比较
语气助词“吧”、“呢”、“了”
“了”表示情况的变化
结构助词“的，地，得”
用动词“有|没有”表示比较
动词“是”强调肯定
动词“给”
动词“算”、“占”
“接着”+动词
好+动词
有+动词短语+的
形容词、动词重叠
形容词重叠做谓语
名词，量词和数量词的重叠
连词“不过”、“要不”

又。。。。。。。又。。。。。
一边。。。。，一边。。。。。。
。。。。。。之一
只要。。。。。，就。。。。。
。。。也|都+没|
就是。。。。。也。。。。。
连。。。。也|都
既。。。。。。。，又。。。。。。。。
一。。。就
除了。。。。（以外），还|都|也。。。
越。。。。越。。。。。
一天比一天 + 形容词
不是……，而是……
要是……，就……
只有……，才……
即使……，也……
不管……，都/也……
不但不/没……，反而……
不是……，就是……
要是……就好了
不/没（有）……，就……
无论……， 都/也……
在……下、在……上
要么……，要么……
既然……， 就……
尽管……，还是……
一方面……， 一方面……
形容词 + 名词+化
（不）到+数量短语
跟+名词短语+（没）有关系
数词：
“万”以上的称数法
分数，百分数，倍数， 概数
用“几”表示概数
“好几”表概数
句子独立成分：
独立语
缩略语

构词法

构词法（1）；联合式

A 休息　考试　聚会　管理　声音　语言

B 多少　没有　买卖　国家　左右　大小

C 安静　倒叉　学习　锻炼　教练　种类

构词法（2）偏正式

茶馆 爱情　蛋糕　西餐　中餐　汽车　火车　毛笔　电脑　电视　厨房

花园 剧院　礼物　商店　小孩　农民　工人　医生　医院　阳台　围巾

名牌 春天　今年　外国　名片　油画　汉语　生词　邮费

构词法（3）：补充式

打开，得到，记得，站住

构词法（4）动宾式

结+果—结果

说话　打球　聊天　照相　送礼　下棋　结业　吃饭　放心　放假

挂号　烤鸭　排队　起床　散步　跑步　唱歌　开车　看病　惩罚

构词法（5）主谓式

圣诞，水平，头疼，年轻，

构词法（6）重叠式

(1) 妈妈，爸爸，哥哥，弟弟，姐姐，妹妹，舅舅

(2) 刚刚，常常，轻轻

构词法（7）附加式

第一，第二，第三

老张，老李，老师，老板

构词法（8）附加式 2

刀子 叉子　杯子　盘子　筷子　瓶子　桌子　妻子

儿子 孙子　孩子　房子　嗓子　本子　样子　小伙子

构词法（9）附加式3

（1）生：医生 学生　先生　小学生　中学生　大学生

（2）员：队员 演员　售货员 服务员 技术员　教员

（3）家：画家 美术家 书法家 科学家 文学家　旅行家

构词法（10）缩减式

清华—清华大学

北大—北京大学

构词法（11）综合式

照相机　办公室　通知单　服务员　出租车　展览馆　科学家

植物园　中秋节　外交官　橄榄球　电影院　火车站　音乐会

Корейский язык

уровень B2

한국어B2

한국어의문법적특징

3. 한국어 문법 일반

시제와 사상어미

문장 종결법

인용문

어순

부정법

부사어

감단사

4. 한국어 문법 형태<중급>

-라고하다

-게되다

부터

-는 중이다

-(으)ㄹ줄알다/모르다

-던데요

대신(에)

-(으)ㄴ /는 대신에

-는 게 좋다

-(으)니까

-더군요

-(으)ㄴ 덕분에

-고 나서

-게

-겠군요

-(으)려던 참이다

-는 길이다

-(으)ㄴ/는 편이다

-(으)ㄴ/는데요

-기는 하다

-아/어가다/오다

-기 바라다

-는 바람에

아무(이)나

-기가 어렵다/쉽다

-았/었으면 좋겠다

(아무리)-아/어도

얼마나 –(으)ㄴ지 모르다

에 비해서

-(으)ㄹ걸요

Японский язык

уровень B2

音声的側面

拍および特殊音（長音、撥音）

高低アクセント

主なイントネーション（平板調、上昇調、下降調）

語彙

理解語彙として７５０、うち使用語彙として５５０

文法的側面

　形態論的側面

動詞：時制（過去形）、動詞の活用（辞書形、た形、普通形、可能形、意向形、命令形、禁止形）、自動詞・他動詞、複合動詞

副詞：情態副詞、数量副詞、程度副詞、陳述副詞

接続詞（しかし、それに、それで）

助動詞（だ）

助動類：副助詞（しか）、接続助詞（たり、けど、ながら、し）、複合助動（には、では）

普通体

２）統語論的側面

重文

複文（有属文、合文）
アスペクト：状態相（てある、ておく）、動作相（てしまう）
命令文
仮定、伝聞

РЕКОМЕНДУЕМЫЕ ЛИТЕРАТУРЫ

Арабский язык:

1. د. عبد الرحمن بن إبراهيم الفوزان. العربية بين يديك. الكتاب الأول والثاني. الرياض، 2014 م.
2. د. صابر المشرفي. التكلم. الكتاب الأول والثاني. كتاب الطالب والتدريبات. مصر، القاهرة، 2014 م.
3. د. عبد الرحيم. دروس اللغة العربية. الجزء الأول والثاني. المدينة المنورة ، 1997 م.
4. تعليم العربية ، الكتاب الأساسي . الكتاب الأول والثاني . موسكو ، 1996 م.
5. سلسلة تعليم اللغة العربية : الصرف ، النحو، القراءة، التعبير. المستوى الثاني . الرياض ، 1991 م.
6. ناصف مصطفى عبد العزيز. العربية للحياة. الجزء الأول والثاني . الرياض ، 1995 م.
7. د. محمد إسماعيل صيني. العربية للناشئين. الكتاب الأول والثاني . الرياض ، 1993 م.
8. د. محمود اسماعيل صيني. القواعد العربية الميسرة. الكتاب الأول والثاني. الرياض، 1990م.

9. Бүркітбай Г.Ж., Х.Еллек . Араб тілінің морфологиясы. Алматы, 2000 ж.
10. Ковалев А.А. Шарбатов Г.Ш. Учебник арабского языка. Москва, 2000 г.
11. Хайбуллин И. Грамматика арабского языка. Уфа, 2007 г.

Турецкий язык:

1. Cemil Kurt, Elif Leblebeci, E.Nurşen Aygün. Hitit-1, 2 Yabancılar için Türkçe Ders ve Çalışma Kitabı. Ankara, 2009
2. Tuncay Öztürk, Sezgin Akçay, Abdullah Yiğit. Adım Adım Türkçe – 1, 2 Dilbilgisi, Ders ve Alıştırma Kitabı. İstanbul, 2002
3. Tuncay Öztürk, Sezgin Akçay, Abdullah Yiğit. Adım Adım Türkçe -3 Dilbilgisi, Ders ve Alıştırma Kitabı.İstanbul., 2002
4. Гениш Эйюп.Грамматика турецкого языка 1-2том. 2014 г. 236стр.
5. Гениш Эйюп. Тренировочные тесты по турецкому языку. 2013г.
6. П.И. Кузнецов. Учебник турецкого языка. 2009г. 473стр.
7. Обрезчиков Н. Турецкий язык. Базовый курс. 2005г.
8. Турецкий язык: Грамматика. Разговорник. Словарь. 2014г.
9. Türk Dil Kurumunun İmla Kılavuzu. Ankara, 2000

Персидский язык:

1. И. К. Овчинникова. Учебник персидского языка. Москва, 2002г.
2. К.И. Поляков.Практическая грамматика персидского языка. Москва, 2002г.
3.В.Б Иванов, Е. Л. Гладкова. Учебник персидского языка. Часть 2. Москва 2004г.
3. М. Зархамиан. Учебник персидского языка. Часть 1, 2. Тегеран, 2000г.
4. М. Хафари, Б. Махмуди Бахтиари. Изучаем персидский язык. Часть 2-3. Тегеран, 2003г.

2.Рустемов Л. Парсы тілінің ізашары. Часть 1-2. Тегеран, 1995ж.
5.Русско-персидский словарь, Восканян. Москва 2005г.
6.Персидско – русский словарь Рубинчик. Тегеран 2006г.
7. Толковый словарь персидского языка. Тегеран.

Китайский язык:

14. 邱军、彭志平、张辉、沈红丹。“**成功之路**，进步篇1。”。北京。**北京**语言大学出版社，2008年。
15. 邱军、彭志平、张辉、沈红丹。“**成功之路**，进步篇1·听和说。”。北京。**北京**语言大学出版社，2008年。
16. 邱军、彭志平、张辉、沈红丹。“**成功之路**，进步篇1·读和写。”。北京。**北京**语言大学出版社，2008年。
17. 邱军、彭志平、张辉、沈红丹。“**成功之路**，进步篇2。”。北京。**北京**语言大学出版社，2008年。
18. 邱军、彭志平、张辉、沈红丹。“**成功之路**，进步篇2·听和说。”。北京。**北京**语言大学出版社，2008年。
19. 邱军、彭志平、张辉、沈红丹。“**成功之路**，进步篇2·读和写。”。北京。**北京**语言大学出版社，2008年。
20. 刘珣。新使用汉语课本。北京。北京语言大学出版社。2011年。
21. 博雅汉语, 中级冲速篇，北京大学出版社, 2005 年。
22. 李晓琪、戴桂芙、郭振华编著《新汉语教程》（第一册、第二册、第三册）北京大学出版社1999年版。
23. 杨寄洲主编《汉语教程》，北京语言文化大学出版社。1999年版。Учебник китайского языка (1–3 части). Под общей редакцией Ян Жижоу. – Пекин, “Пекинский университет языка и культуры”, 1999г.
24. 戴悉心王静编著《汉语口语教程》，北京语言文化大学出版社2002年版。Дай Шишинь, Ван Жин. Усная речь китайского языка. –Пекин, “Пекинский университет языка и культуры”, 2004г.
25. 陈光磊主编《汉语口语教程》，北京语言文化大学出版社2000年版。Чэнь Гунлый. Усная речь китайского языка. –Пекин, “Пекинский университет языка и культуры”, 2000г.
26. Қалибек Т. 现代汉语语法 (Қазіргі қытай тілінің грамматикасы. Синтаксис).– Алматы, “Абылай хан атындағы Қаз. ХҚ және ӘТУ”, 2004г.

Корейский язык:참고문헌

1. Корейский язык для казахстанцев (уровень 1), Международный фонд Кореи, 2010
2. Корейский язык для казахстанцев (уровень 2), Международный фонд Кореи, 2010
3. Корейский язык для казахстанцев (уровень 3), Международный фонд Кореи,

2010
4. 외국어로서의한국어교육학개론, 대한민국, 2010
5. 외국어로서의한국어문법사전, 대한민국,서울, 2007
6. 외국인을위한한국어문법1, 대한민국,서울, 2005
7. 국립국어원저(2005), 한국어문법 1.2, 커뮤니케이션북스,
8. 경희대학교국제교육원한국어교육부저(2004), «혼자공부하는한국어중급 1,2» 경희대학교출판사
9. 연세대학교한국어학당(1995),»연세한국어 3.4», 연세대학교출판부

Японский язык: 参考文献

１．田中よね他みんなの日本語初級I　スリーエーネットワーク1998. -244p
２．大越泰子他みんなの日本語初級I/II　標準問題集
スリーエーネットワーク1999. -64p
３．足立章子他文法が弱いあなたへ凡人社 2002. -89p
4. 田中よね　他　みんなの日本語初級I
スリーエーネットワーク１９９８．－２４７ｐ
5. 大越泰子　他　みんなの日本語初級II
標準問題集スリーエーネットワーク１９９９．－６６ｐ
6. 足立章子　他　文法が弱いあなたへ　凡人社 ２００２．－８９ｐ
7. 荒井礼子　他　中級から学ぶ日本語研究社 ２００２．－１６３ｐ
8. 土岐哲　他
日本語中級Ｊ３０１スリーエーネットワーク１９９５．－２２３ｐ
9. 田中よね他みんなの日本語初級II　スリーエーネットワーク1998. -247p
10. 足立章子他文法が弱いあなたへ凡人社 2002. -89p
11. 文化中級日本語I　凡人社1992. -236p

Авторский коллектив:

Желдібаева Р.Б., к.ф.н., ст.преподаватель
Аманжол С.Т., магистр, ст.преподаватель
Езмахунова А.Р., магистр, ст.преподаватель
Теляпова А.Г., магистр, ст. преподаватель
Тойбаева Н.Е., магистр, преподаватель
Борантаева Ф.Ж., магистр, преподаватель

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ТИПТІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ

ККТ 2203 **КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ**

5В021000-Шетел филологиясы
бакалавриат мамандығы бойынша

2 кредит

Алматы 2016

Алғысөз

1 Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті **ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗГЕН**

2 ПІКІР ЖАЗҒАНДАР: Шаханова Р.Ә., п.ғ.д., профессор, Абай атындағы ҚазҰПУ; Ерғожина Ш.Л., п.ғ.к., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

3 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 05.07.2016 жылғы № 425 бұйрығымен **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

4 Типтік оқу бағдарламасы 5В021000-Шетел филологиясы бакалавриат мамандығы бойынша типтік оқу жоспарына сәйкес әзірленген

5 2016 жылы «4» шілдеде Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің мәжілісінде **ҚАРАСТЫРЫЛҒАН.** № 11 Хаттама

Мазмұны

1. Түсінік хат.
2. Курстың құрылымы.
3. Курстың тақырыптық мазмұны.
4. Құзыреттілік түрлерін бағалау өлшемдері.
5. Қолданылған әдебиеттер.

ТҮСІНІК ХАТ

Бұл оқу бағдарламасы «5В021000-Шетел филологиясы» мамандығы бойынша кәсіби қазақ тілін оқитын студенттерге арналған.

Қазіргі кезде әлемде интеграциялық үрдістердің күннен-күнге қарыштап дамып отырғаны белгілі. Осыған сәйкес білім беру ісі де дүниежүзілік стандарттарға сай болуы тиіс екендігі алға шыға бастады. Соңғы онжылдықтарда қарқынды дамып келе жатқан ықпалдастық үдерісі, кәсіби және академиялық тәжірибе алмасу, халықаралық ықпалдастықтың тереңдеуі тілдік білімнің дамуы қажеттігін көрсетіп, тілдік білімнің өзекті бола бастағандығын айқындап отыр. Мұндай жағдайда қазақ тілі қоғамның интеллектуалды әлеуетін қалыптастыратын қуатты құрал мәртебесіне ие болып, ол – жаңа мемлекеттің дамуындағы қазіргі тарихи кезеңнің басты ресурстарының бірі болып отыр.

Ұсынылып отырған типтік оқу бағдарламасы шетел филологиясы бағыты бойынша қазақ тілінде дұрыс сөйлеу мен сауатты жазуды меңгертуге арналған. Бағдарлама әлемдік оқыту үлгілерін басшылыққа ала отырып, оны Қазақстан Республикасының ұлттық жағдайына бейімдей жүзеге асыруды мақсат етеді. Мұнда студенттердің шетел филологиясы саласынан қазақ тілінде базалық білімдерінің болуы мен тілдік дайындығының да жеткілікті деңгейде болуы талап етіледі. Өйткені бағдарлама ұсынған оқу материалдарын табысты игеру мен меңгеру шарты – қазақ тілінен тиісті деңгейдегі тілдік дайындығы мен қазақ тілі бойынша және жалпы филологиялық білім көлеміне тәуелді.

Бағдарлама мазмұны шетел филологиясы мамандығында қазақ тілін қызмет құралы ретінде пайдалана алу жолдарына бағытталған материалдарды қамти отырып, студенттердің филология саласындағы қатысымдық сұраныстарын қанағаттандыруды, түрлі стильдегі мәтін түрлерімен жұмыс жүргізу әдістемесін меңгертуді көздейді. Сонымен бірге бағдарлама болашақ филологтар мен журналистердің өз саласында бәсекелестікке қабілетті маман деңгейіне көтерілуі мен осындай маманға деген қоғам талап-тілегін қанағаттандыру мақсатындағы қатысымдық тапсырмалар мен кейс тапсырмалар түрлерін де қамтиды. Қорыта айтқанда, бағдарлама болашақ филолог маманның қазақ тіліндегі сөз қолданыстарын мамандық тілі тұрғысынан игерген, мамандыққа қатысты жазба жұмыс түрлерін меңгерген, тілдік қатынасқа бейім тұлға деңгейінде жетілуін қамтамасыз етуді көздейді.

«Шетел филологиясы» мамандығы бойынша кәсіби қазақ тілі курсы **кәсіби-тілдік қатысымдық** бағытқа құрылады. Бұл курстың пән ретінде мынадай **ерекшеліктері** бар:

- ауызша және жазбаша қатысымда тіл білімінің барлық салалары (фонетика, лексика, грамматика) бойынша қажетті білімі болып және алған білімін орынды пайдалана алуы қажет;

- болашақ маманның білімнің түрлі салаларынан тиісті мәліметтерді тез

және орынды ала білуі мен оны оңтайлы пайдалана білуі қажет. Ал бұл өз кезегінде болашақ филолог маманнан алғырлық пен ақпарат құралдарына жетік болуды тілейді. Аталған мәселелерді оқыту мақсаты ретінде ұстана келе, пән өзінің қызметінің алуан түрлілігін көрсете алуы тиіс;

- кәсіби қазақ тілін шетел филологиясы мамандығына бағыттай оқыту арқылы тілді филологиялық дайындықтың ажырамас бөлігі деп білу мен тіл дәлдігін, сөз байлығын, ой айқындығын филолог үшін өте маңызды мәселе деп қарау басты назарда тұруы ескеріледі;

- түрлі стильде жазылған мәтіндерде, күнделікті тақырыптағы тілдесім элементтерінде көптеген ғылым салаларының мәліметтері де кездеседі. Сондықтан бағдарламада болашақ филологтің жан-жақты, әр түрлі ғылым саласынан хабардар білімді болуы қажеттігі де ескерілді.

«Шетел филологиясы» мамандығы бойынша кәсіби қазақ тілі курсының негізгі **оқыту пәніне** мына мәселелер жатады:

- тілдік қатынастың ауызша және жазбаша түрлерінің мамандыққа бағытталуы;

- тілдің барлық салаларының құрылымдық ерекшеліктерін заң тілінде бере алу;

- осы мамандықтарға арналып ұсынылған мәтіндердің логикалық жағынан да, құрылымдық-семантикалық жағынан да филологиялық, журналистік мазмұнға құрылып, болашақ филологтің аналитикалық және сыни ойлауын жетілдіре алуға ықпал етуі;

- болашақ маманның филология саласы бойынша ауызша да, жазбаша да өз ойын құру ерекшелігі мен әртүрлі заңдық негізі бар құжаттармен жұмыс істей білу қабілетін қалыптастыру.

Студенттерді мамандыққа бейімдей оқытудағы басты мақсат - олардың мәдениетаралық қатысым барысында тиісті кәсіби деңгейдегі білімі мен білігін көрсете алуы мен өз мамандығына құзыретті маман ретінде жетіліп дамуын қалыптастыру. Бұл мәселе кешенді ғылыми-теориялық базис ретінде отандық әдістеме ғылымында С.С.Құнанбаеваның «Танымдық-лингвомәдениеттанулық әдіснама: шеттілдік және көптілдік білім теориясы» атты еңбегінде баяндалған. Бұл еңбекте шеттілдік және көптілдік білім беру үдерісінің қазіргі бағытына танымдық-лингвомәдениеттанулық тұрғыдан келу мәселесі көтеріледі. Автор көп тілдік және шеттілдік білім берудің тұжырымдамалық негізін айқындап, білім беру үдерісіндегі бұған дейін қалыптасқан тәжірибені жаңғыртып, өзгерте оқытуды ұсынады. Сондай-ақ еңбек үштұғырлы тіл саясаты мәселесін көтеріп, тілдік білімнің отандық және халықаралық үдерістерге бейімделген деңгейлік модельдерін жасауға жаңаша талпыныс жасайды. Ал қазіргі күндері елімізде үштұғырлы тіл саясаты мәселесі айрықша маңызға ие болып отырғаны белгілі. Елбасы Н.Ә.Назарбаевта 2004 жылдан бері бұл мәселеге ерекше ықылас тоқтатып, көпұлтты Қазақстан жағдайында тілдің үштұғырлы саясатының орны айрықша

екеніне баса назар аударып келеді. Осы мақсат үшін «Үштұғырлы тіл» мәдени жобасын енгізіп, оны кезең-кезеңмен жүзеге асыруды ұсынды.

Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінде әдіскер-ғалым С.С.Құнанбаеваның басшылығымен шыққан «Языковое образование в условиях уровневого овладения языками триединства: теория и практика» атты монографияда үш тілді деңгейлеп меңгерудің ғылыми-әдістемелік жолдары мен көптілді және көпмәдениетті тілдік тұлғаны қалыптастырудың амал-тәсілдері сөз болады. Аталған еңбектерге сәйкес ұсынылып отырған бағдарлама қазақ тілін әлемдік әдістемелік стандартқа сай оқыту мақсатын көздей отырып, филология саласы бойынша мамандар даярлауда қазақ тілін мамандық тілі ретінде оқытып игертудің мақсаттары мен міндеттерін анықтайды.

«Шетел филологиясы» мамандығы бойынша кәсіби қазақ тілі курсының **оқыту мақсаты** студенттердің **мәдениетаралық қатысымдық құзыреттілігі мен кәсіби тілдік-қатынастық құзыреттілігін** дамыту болып саналады. Және ол мына мәселелерді қамтиды:

- қатысымның ауызша және жазбаша түрлерінде тиісті тілдік те, қатысымдық та құзыретін жетілдіруі тиіс;
- филология саласына тән мета-тілді еркін меңгеруі қажет;
- кәсіби бағыттағы сөздерінде әдеби тіл нормаларын орнымен пайдалана алуы керек;
- кәсіби мақсатта қазақ тілін қатысым құралы ретінде еркін игеруі тиіс.

Курстың міндеті:

- шетел филологиясы мамандығы бойынша кәсіби тілдік қатынасқа араласу үшін жеткілікті мөлшердегі сөйлеу құзыреттілігі туралы түсінік қалыптастыру;
- өз мамандығы бойынша тиянақты білім алу мен оны шынайы жағдаяттарда тиімді пайдалану үшін өз бетінше білім алу, іздене білу қажеттігін түсінуі мен оған қажет тиісті құзыреттіліктерді жетілдіру;
- мамандықтарын тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тілдік қатынастық, лингвистикалық және дискурстық құзыреттіліктерін дамыту.

Бұл мақсаттар мен міндеттерде шетел филологиясы мамандығына қатысты ұлттық ерекшеліктерді ескере келе, қазақ тілінен тиянақты білім беру мен тілді меңгеріп игеруге қажет кәсіби құзыреттілік талаптары да ескерілген.

«Шетел филологиясы» мамандығы бойынша кәсіби қазақ тілі курсының мазмұны кәсіби құзыреттілік әдісін басшылыққа ала отырып, тақырыпқа сәйкес студенттің білімін жетілдіріп, құзыреттілігін қалыптастыруды көздейді. Алынған тақырыптар бағдарлама бойынша студенттердің қатысымдық, тілдік және әлеуметтік-мәдени, дискурстық құзыреттіліктерін жетілдіре отырып, алған білімі мен игерген құзыреттілігі негізінде өз кәсібін ұйымдастыра алу қабілетін шыңдайды.

Пререквизит, кореквизит, постреквизит.

Курстың пререквизиті: «Тіл біліміне кіріспе», «Базалық шет тілі», «Лингвистика» (теориялық фонетика, лексикология, оқытылатын тілдің теориялық грамматикасы) «Қазақстан тарихы», «Базалық қазақ тілі (А1, А2, В1, В2)», «Қарым-қатынас сөйлеу мәдениетінің практикумы», «Үйреніп жатқан тілдің теориялық негіздері», «Мамандыққа кіріспе».

Курстың кореквизиті: «Ауызша және жазбаша қатысымды дамыту тәжірибесі», «Елтану», «Мәдениеттану», «Аударма теориясы», «Арнайы шет тілі».

Курстың постреквизиті: «Шет тілін оқытудың арнайы бағытталған әдістемесі», «Мәдениетаралық коммуникация контексіндегі кәсіби қазақ тілі», «Ауызша және жазбаша қатысымның практикалық курсы».

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

КУРСТЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

«Шетел филологиясы» мамандығы бойынша Типтік оқу жоспарына сәйкес «Кәсіби қазақ тілі» пәнін оқып-үйренуге 2 кредит (90) сағат бөлінеді.

Пәннің тақырыптық мазмұны

Курстың пәндік мазмұны танымдық-лингвомәдениеттанулық кешен бойынша ұйымдастырылады. Оның құрамына мына төмендегі мәселелер кіреді:

- осы деңгейдегі оқыту мазмұнын көрсететін қатысым аясы;
- осы оқыту аясын жүзеге асыратын тақырыптар мен оның мазмұнын ашатын қосымша тақырыпшалар;
- қатысымның типтік жағдаяттары;

«Шетел филологиясы» мамандығы

Оқыту аялары: қоғамдық-мәдени ая, ғылыми-кәсіби ая, инофилологиялық ая

Қатысымның қоғамдық-мәдени аясы

І тақырып. «Әлемнің концептуалдық және тілдік бейнесі» деп аталатын танымдық-лингвомәдениеттанулық кешені **(ТЛК)** төмендегі тақырыптарда ашылады:

а) Концепт және ұғым мәселесі;

ә) Мәтін – қарым-қатынас құралы; б) Мәтін – мәдени құбылыс; в) Мәтіндегі ақпарат түрлері.

Тақырып бойынша мәдениетаралық қатысымдық құзыреттіліктің (МҚҚ-тің) ауызша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:

-Пікірталас өткізу. Тақырыбы: «Концепт және ұғым». Студенттер деректер мен оқиғалардан мысалдар келтіріп, жарыссөзге шығады. Кәсіби бағыттағы полилогқа еркін әңгімелесу түрінде араласып, тақырыпқа аналитикалық талдау

жасайды**;**
-Брейн-ринг өткізу. «Мәтін – қарым-қатынас құралы» тақырыбындағы пікірталасты талқылайды. Талқылау аналитикалық сипатта болуы тиіс. Өз сөздеріне өздері сараптама жасап және оны қорытады.
Тақырып бойынша МҚҚ-тің жазбаша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:
- Эссе жазу: «Жас жүрек жайып саусағын...». Абай шығармашылығынан алынған өлең жолындағы «жүрек» концептісінің мағынасын түсіндіріңіз. Эссе ғылыми- танымдық сипатта болып, мына мәселелерге назар аударылады:
а) концептінің өзіне тән белгілері;
ә) «жас жүрек», «жүректің саусағы» тіркестерін неге концепт дейміз және осы концептілерді «жүрек» сөзінің басқа да қолданыстарымен салыстыра отырып, дәлелдеу;
б) концептінің ұғымнан өзіндік ерекшелігін көрсету.
- Хабарлама тезисі: «Мәтін - мәдени байланыстардың көрінісі»;
- Баяндама жазу және оны талдау: «Мәтін – кез келген ақпардың көзі».

II тақырып. «Өзге тілді мәтін – лингвистикалық зерттеу нысаны» деп аталатын **ТЛК** төмендегі тақырыптарда ашылады:
а) Өзге тілді мәтін және оған қойылатын талаптар; ә) Өзге тілді мәтінмен жұмыс жүргізудегі заманауи әдістер мен тәсілдер; б) Мәтінді оқытуға үйретудің түрлі типтері мен тәсілдері.
Тақырып бойынша МҚҚ-тің ауызша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:
-Рөлдік ойын: «Филолог мамандар оқылым түрлеріне тоқталып, шетел тілі сабағында оқылым түрлерінің қолданылу мүмкіндігін талқылайды».
Студенттер журналистер мен мұғалімдер роліне еніп, өздеріне қойылған сұрақтарға жауап береді. Оқылымның түрлерін, әр түрінің өзіне тән ерекшеліктерін, мақсатын айтады. Сөйтіп, мәтінді оқудың ерекшеліктерін түсініп, дағдыланады.
- Дебат: Топ екіге бөлініп, төмендегі тақырыптар бойынша сөз жарыстырып, ой таластырады:
а) «Мәтін түрлерін ажырата білудің маңызы»;
ә) «Мәтінді түсініп оқуға үйретудің типтері»;
б) «Мәтінді оқытуға үйретудің тәсілдері».
Дебатты жүргізуші (көбінесе үйлестіруші ретінде оқытушы) ұтымды пікірлерді санап, қорытады.
Тақырып бойынша МҚҚ-тің жазбаша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:
- Рецензия жазу: Тақырыбы: Оқылым түрлеріне арналған үш мақалаға рецензия жазыңыздыар.
Төмендегі жоспарды пайдалана отырып, оқылған мәтінге рецензия

жазыңыздар: а) мәтіннің түрі; ә) негізгі идеясы; б) мәтіннің мазмұнын түсіну үшін қолданылатын әдістер; г) осы мәтінге сіздің беретін бағаңыз;.

- Шығарма жазу. Тақырыбы: "Менің сүйікті жазушым". (Жазушы өзге ұлт өкілі болуы тиіс). Шығарманың басты ұстанымы - студенттің өзіндік ойы мен пікірінің қалыптасуына назар аудару.

- Тезис жазу: Тақырыбы: «Өзге тілдегі мәтін - лингвомәдениеттанулық деректердің қайнар көзі». Осы тақырыптағы немесе осыған жақын тақырыптағы үш мәтін (ғылыми мақала, публицистикалық мақала, қорғалған диссертация т.б.) оқып, тезистер дайындау.

Қатысымның ғылыми-кәсіби аясы

III тақырып. «Түрлі стильдегі мәтіндермен жұмыс жүргізудің әдістемесі» деп аталатын **ТЛК** төмендегі тақырыптарда ашылады:

а) Көркем мәтін - әлемнің авторлық моделі; ә) Оқылым мәтініндегі кестелі, айшықты ұғым-түсініктерді интерпретациялау; б) Поэтикалық мәтін және оның лингводидактикалық мәні

Тақырып бойынша МҚҚ-тің ауызша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:

- Полемикалық дискурс. Мынадай тақырыптар ұсынылады: «Қазіргі жастар поэзияға қызыға ма?», «Көркем мәтіндермен жұмыс түрлері». Студенттер біреуін таңдайды. Не жақтау не теріске шығару мақсатында екі аргумент шығарылады. Тыңдап отырған студенттер сұрақ қояды, өз пікірін білдіреді, ұсыныстар айтады, қорытынды жасайды. Сөйлеу барысында тілдегі ұлттық стереотиптерді түсініп, өз сөзінде орнымен қолдануы тиіс, сөйтіп тіл мен ділдің байланысы арқылы әлем бейнесін түсініп қабылдай алу машығын игергенін көрсетуі тиіс. Бұл мәселелер студенттің тақырыпқа қатысты ой толғауынан, сөз жарыстыруынан, өз пікірлерін еркін дәлелдей алуынан байқалуы тиіс.

-Брейн-ринг: Берілген өлең мәтініне өз пікірін айтып, сыни талдау жасауы қажет. Өлеңнің неліктен ұнағаны немесе ұнамағаны, жалпы өлеңнің мақсаты мен тәрбиелік мәні туралы айтып, еркін әңгімелесулері қажет.

Тақырып бойынша МҚҚ-тің жазбаша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:

- Ұсыныс хат жазу. Жазушы мақаласын газетке жариялау үшін баспаға ұсыныс хат жазу керек. Ұсыныс хатты жазу барысында іс-қағаздарының үлгісіне сүйенуі қажет.

- Мақала жазу. Ақын өлеңдерінің лингводидактикалық мәніне тоқталып, республикалық басылымдардың біріне мақала жазу керек. Мақала ғылыми-көпшілік стильде жазылуы тиіс. Дәйексөздер алынып, пайдаланған дереккөздер көрсетілуі керек.

IV тақырып. «Түрлі стильдегі мәтіндермен жұмыс жүргізудің әдістемесі» деп аталатын **ТЛК** төмендегі тақырыптарда ашылады:

а) Ресми-іскери стильдегі мәтінмен жұмыс жүргізу әдістемесі; ә) Ауызекі сөйлеу тілі мәтіндерімен жұмыс жүргізу әдістемесі.

Тақырып бойынша МҚҚ-тің ауызша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:

-Полемикалық дискурс: «Сөйлеу тілі - әдеби тілдің қайнар көзі».

Топ «А және Б» деп аталатын екі топқа бөлініп, бір топ сөйлеу тілінің өзіне тән белгілерін, екіншісі әдеби тілдің ерекшеліктері мен артықшылықтарын айтып, полемикалық дискурсқа түседі. Өз ойлары мен пікірлерін орнықтыру мақсатында әр қилы дәлелдер мен дәйектер келтіреді.

- Брейн-ринг өткізу. «Сөйлеу тілі - әдеби тілдің қайнар көзі» тақырыбындағы полемикалық дискурсты талқылайды. Студенттер дискурс кезінде бір-бірінің қалай сөйлегенін айтып, өзара ой жарыстырып, тақырыпқа аналитикалық және сыни талдау жасайды.

Тақырып бойынша МҚҚ-тің жазбаша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:

- Хабарлама жазу. Әуелі хабарлама тезистері жазылады. Олардың тақырыптары:

а) ресми іс қағаздары мәтінімен жұмыс жүргізудің өзіндік ерекшеліктері;

ә) ресми іс қағаздары бойынша хабарлама жазу ерекшелігі.

Осы тезистер негізінде хабарламаның қысқаша мазмұнын жазып берулері тиіс. Қысқа болғандықтан, негізгі мәселелер ғана қамтылуы тиіс. Сондықтан хабарлама мазмұны қарапайым, нақты болуы тиіс.

- Ақпараттық-реферат жазу. Тақырыбы: «Ауызекі сөйлеу стиліндегі мәтіндермен жұмыс жүргізу" ерекшелігі.

Реферат ақпараттық болғандықтан, ауызекі сөйлеу стиліне тән барлық негізгі мәселелер толық баяндалып, дәлелдер келтіріліп, қорытынды шығарылуы тиіс.

V тақырып. «Публицистикалық мәтінмен жұмыс жүргізу әдістемесі» деп аталатын **ТЛК** төмендегі тақырыптарда ашылады:

а) Публицистикалық мәтін және оның өзіндік ерекшелігі; ә) Публицистикалық мәтінмен жұмыс жүргізу әдістемесі.

Тақырып бойынша МҚҚ-тің ауызша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:

- Пікірталас. Пікірталастың алдында баяндама жасалады. Тақырыбы: «Публицистикалық мақала жазу - айрықша өнер».

Жақтау не теріске шығару мақсатында 2 аргумент шығарылады:

а. Публицистикалық шығармалардың табиғаты туралы не білесіз?

ә. Публицистикалық мақалалар үгіт-насихат жұмысын жүргізе ала ма?

-Жарыссөз. Тақырыбы: «Публицистикалық шығармалар: өзгешеліктері, артықшылықтары".

Жарыссөзде студенттер мына мәселелер бойынша сөйлеуі тиіс:

а. Публицистиканың өзіндік ерекшелігін айтқан студенттің сөзін құптай сөйлеу, оған өз ойы мен пікірін қосып айту;

ә. Публицистиканың артықшылығын айтқан студенттің пікіріне кейде қосылып,

оны дамытып, кейде қарсы шығып, өз пікірін дәлелдеу;
б. Жарыссөзде айтылмай қалған мәселелерді айту.
Жарыссөзді модератор жүргізіп, әрбір айтылған пікірді қорытып, тұжырым жасап отырады.
Тақырып бойынша МҚҚ-тің жазбаша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:
- Эссе жазу: Тақырыбы: "Публицист немесе көсемсөзші: қаламгер ретіндегі ерекшелігі".
Эссе беллетристикалық сипатта болып, мына мәселелерге назар аударылуы қажет:
а) Публицистика жанрының өзіндік ерекшеліктері туралы;
ә) Публицист-қаламгердің өзге қаламгерлерден айырмашылығы туралы;
Студент эссені жазу барысында белгілі адамдардан дәйексөздер келтірсе, авторына сілтеме көрсетілуі тиіс.
- Реферат-конспект жазыңыздар: Тақырыбы: «Қазақтың танымал публицистері: кімдерді атауға болады және олар жайлы не білесіз?».
а) осы тақырыпқа қатысты ғылыми еңбектерді (ғылыми мақала, зерттеу еңбек) қарастырып,өзіндік ой қорытып жазу керек;
ә) тақырыпқа қатысты негізгі мәліметтерді санамалап көрсету қажет**.**

VI тақырып. «Ғылыми мәтінмен жұмыс жүргізу әдістемесі» деп аталатын **ТЛК төмендегі тақырыпшаларда ашылады:**
а) Ғылыми мәтін: өзіндік өзгешелігі, жазу мәнері, маңызы; ә) Ғылыми мәтін: баяндау тәсілі мен оны талдау, талқылау жолы.
Тақырып бойынша МҚҚ-тің ауызша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:
-Дебат өткізу. Дебаттың алдында баяндама жасалады. Тақырыбы: «Ғылыми мәтіннің стильдік табиғаты». Баяндамадан соң, дебат басталады.
Дебаттың барысында оппоненттерді мұқият тыңдап, әрбір 15 минут сайын дебатты тоқтатып, нанымды аргументтерді жазып алып отыру қажет. Соңында оқытушы аргументтерді қорытындылайды, маңызды ойлар мен қисынды дәлелдерді атап айтып, қорытынды шығарады.
Брейн-ринг: Ұсынылған ғылыми мақалаға өз пікірін айтып, талдау жасауы қажет. Мақаланың өзектілігі мен жаңалығы туралы айтып, еркін әңгімелесулері қажет.
Тақырып бойынша МҚҚ-тың жазбаша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:
- Ұсыныс хат жазу. Ғылыми жаңалық ашқан ғалымды атаулы сыйлыққа ұсынып, ұсыныс хат жазу қажет. Ұсыныс хатты жазу барысында іс-қағаздарының үлгісіне сүйенуі тиіс.
- Пікір жазу. Танымал ғалымдардың ғылыми еңбектерін (мақала, диссертация, т.б. ғылыми жұмыстар) оқып талдау жасап, пікір жазу.

- Хабарлама жазу. Студенттер қазақ тілінен 2015 жылғы зерттеулер бойынша хабарлама тезистерін жазуға тапсырма алады. Тезистер хабарламаның қысқаша мазмұны негізінде жазылуы тиіс. Қысқа болғандықтан, негізгі мәселелер ғана қамтылуы қажет. Сондықтан хабарлама мазмұны қарапайым, нақты болуы керек.

Қатысымның инофилологиялық аясы

YII «Тіл теориясы және мәдениетаралық қатысым» деп аталатын **ТЛК төмендегі тақырыпшаларда ашылады:**

а) «Тіл теориясының негіздері және мәдениетаралық қатысым», ә)«Мәдениетаралық қатысымның лингвомәдениеттанымдық негіздері», б) «Тілдік категориялардың танымдық аспектілері», в) «Тілдік танымның құрылуы мен қалыптасуы», г) «Танымдық семантика және концептология лингводидактиканың теориялық-қолданбалы негіздері ретінде».

Тақырып бойынша МҚҚ-тің ауызша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:

-Пікірсайыс. Тақырыбы**:** «Ұлттық ділдің лексикадағы көрінісі»

Пікірсайыс тақырыбы бойынша екі баяндама жасалынады. Екі баяндама екі аргумент ұсынып, сол бойынша студенттер жарыссөзге шығады.

-Өзара еркін пікіралмасу. Тақырыбы: «Мәдениетаралық қатысым және тілдік таным». Студенттер бірнеше (диалог, полилог) топқа бөлініп, тақырып бойынша бірде бірін-бірі құптап, бірде біріне-бірі қарсы шығып, дауласып, бірде келісе отырып, өзара еркін әңгімелеседі, өзара пікіралмасады.

-Кейс-тапсырмалар:

а) Типтік жағдаят: «Таным - философиялық термин. Сондықтан тілді түсініп, жетік игеру үшін тілдік танымды дұрыс меңгеру керек деген нанымды қағида емес»,-дейді кейбір студенттер. Сіз әлемнің тілдік бейнесінің қалыптасуында тілдік танымның орны айрықша маңызды дейсіз. Өз ойыңызды дәлелдеңіз.

ә) Пікірлерді бағалау, дәлелдеу, қорыту.Студенттер үш топқа бөлініп, таным теориясы туралы айтылған пікірлер бойынша тапсырмалар орындайды. 1-ші топ: айтылған пікірлерді бағалайды; 2-ші топ,дәлелдейді; 3-ші топ, қорытады.

Кейс-тапсырмаларды орындау барысында студенттердің тілдік және танымдық құзыреттіліктерінің қалыптасуы мен тапсырмаларға талдау жасай алу дағдылары ескерілуі тиіс.

Тақырып бойынша МҚҚ-тың жазбаша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:

-Эссе: «Тілдің стильдік табиғатының тілдік танымдағы көрінісі». Эссе ғылыми-танымдық сипатта болып, мына мәселелерге назар аударылуы тиіс:

а) Тілдік таным туралы бірер сөз;

ә) Сөйлем құру мен ойды берудегі тілдік танымның ықпалын көрсету;

б) Тілдің стильдік табиғатының ұлттық танымға негізделетінін мысал келтіру арқылы дәлелдеу;

- **Конспект жасау.** Тақырыбы: «Мәдениетаралық қатысым және тілдік тұлға». Тақырып бойынша конспект жасаған кезде мына мәселелер ескерілуі тиіс:
а) осы тақырыпқа қатысты екі еңбек қарастырылуы тиіс;
ә) тақырыпқа қатысты негізгі мәліметтерді санамалап көрсету қажет;
б) конспект қысқа әрі нақты болуы тиіс;
в) конспектіде оқыған мәтін мазмұны қисынды қысқарып, ой сабақтастығы көрініп тұруы қажет.

ҮШ. «Лингводидактикадағы мәдениетаралық қатысым және лингвомәдениеттану» деп аталатын **ТЛК төмендегі тақырыпшаларда ашылады:**
а) «Шетел тілдерін оқытудың теориясы мен тәжірибесіндегі мәдениетаралық қатысым және лингвомәдениеттануға кіріспе»; ә) «Лингвомәдени концептілер (метаконцептілер) мен олардың ерекшеліктерінің мәдениетаралық қатысым контексіндегі көрінісі»; б) «Лингвоконцептология»; в) «Таным-тіл-мәдениет-тұлға» әрекетінің динамикалық өрісі»; г) «Мәдениетаралық қатысым және оның шеттілдік білім берудің заманауи парадигмаларының теориясы ретінде дамуы».
Тақырып бойынша МҚҚ-тің ауызша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:
-медиафорум: «Лингвомәдениеттанудың шетел тілдерін оқытудағы орны».
-пікірталас: Тақырыбы: «Әлемнің лингвомәдениеттанулық бейнесіндегі мәдениет пен тілдік тұлға қатынасы». Топ екіге бөлініп, лингвомәдениеттану тұрғысынан қарағанда тіл мен мәдениеттің белгілі бір тілде бекіп орнығып, сол халықтың мәдениетін үйрететіні туралы, жалпы тіл мен мәдениет диадасы жөнінде айтады. Пікірталастың барысында қарсыластар бірін-бірі мұқият тыңдап барып, өз пікірін айтуы қажет. Пікірталас соңында оқытушы сабақты қорытындылайды, маңызды ойлар мен қисынды дәлелдерді атап айтып, бағалайды.
Тақырып бойынша МҚҚ-тың жазбаша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:
-пікір жазу: Тақырыбы: «Концепт» тақырыбына жазылған үш мақалаға пікір жазу тапсырылады. Пікір жазу барысында студент аналитикалық талдау жасап, өзіндік ой қорытып, тұжырым жасауы тиіс.
-баяндама. Тақырыбы: «Мәдениетаралық қатысым және оның шеттілдік білім берудің заманауи талаптары қатарынан алатын орны». Студенттердің барлығы тақырып бойынша өз баяндамаларын дайындап келіп, шеттілдік білім беру мен білім алу мәселелеріне аналитикалық және сыни талдау жасайды. Көптілділік пен көпмәдениеттілік мәселелерінің маңызы мен қажеттілігі, болашағы туралы ой бөлісіп, өз мүдделерін алға шығарады. Тыңдап отырған студенттер сұрақ қояды, өз пікірін білдіреді, ұсыныстар айтады

IX. «Лингводидактикадағы тілдік прагматиканың сөйлеу-коммуникативтік аспектілері» деп аталатын **ТЛК төмендегі тақырыпшаларда ашылады:**

а) «Лингводидактикадағы тілдік прагматиканың өзге тілде сөйлей алу мен тілдік аспектілері»; ә) «Мәдениетаралық қарым-қатынастың тілдік және коммуникативтік негіздері»; в) «Сөйлеу әрекеті түрлерінің (тыңдалым, жазылым, айтылым, оқылым) сөйлей алу мен тілдесе білуге ықпалы»; г) «ТЛК – мәдениетаралық қатысымды қалыптастырудың ұйымдастыру формасы ретінде».

Тақырып бойынша МҚҚ-тің ауызша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:

-Дөңгелек үстел өткізу. Тақырыбы: «Тілдесім кезінде байқалатын ұлттық-мәдени стереотиптер және олардың мәдениетаралық қатысымға ықпалы». Әуелі осы тақырып бойынша баяндама жасалынады.

Баяндамадан соң жарыссөз басталады. Онда мына мәселелер бойынша сөйлеуі тиіс:

а) Баяндамашының сөзін құптай сөйлеу;

ә) Баяндамашының айтқандарына қарсы шығу;

б) Баяндамашының айтпай кеткен мәселелерін айту.

Дөңгелек үстелді модератор жүргізіп, әрбір сөзді қорытып, тұжырым жасап отырады.

-Кейс-тапсырмалар:

а) «Өзге тілде еркін сөйлей алу мен өзге тілде өз ойын анық жеткізу үшін студент белгілі бір құзыреттіліктерді игеруі тиіс. Олай болмаған күнде өзге тілде өз ойын еркін жеткізу мүмкін емес» деген көзқарас бар. Осы көзқарасқа өз пікіріңізді қосып, таратып айтып беріңіз.

ә) мәдениетаралық қатысым кезінде сұхбаттастар арасында байқалатын «мәдени есеңгіреу» деп аталатын құбылыс бар екені белгілі. Екі мәдениеттің өкілінің тілдесуі үстінде байқалатын осы құбылысқа мысал келтіріңіз.

б) ТЛК оқыту аяларының құрамына кіретін тақырыптарды жан-жақты ашып, мәдениетаралық қатысымның тең дәрежелі субъектісін қалыптастыруға ықпал ете алады. Мұның мәнісін түсіндіріп көріңіз.

Кейс-тапсырмаларды орындау барысында студенттер ұсынылған тапсырмалар бойынша әртүрлі (аналитикалық, сыни) талдаулар жасайды:

Берілген кейстерді дұрыс шешу студенттің лингвомәдениеттанулық құзыреттілігі мен тілдік қатынас құзыреттілігінің жетілу деңгейін көрсетеді және оны дамытып, жетілдіреді.

-Брейн-ринг өткізу. Тілдердің қатысымдық жағдайдағы кроссмәдени байланыстары негізінде: екі тіл мен екі мәдениетке тән олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктеріне сипаттама беріп, тілердің коммуникативтік модельдерін талқылап, талдайды.

-Лингвотанымдық талдау жасау. Ағылшын тілді жаңалықтар блоктарына

лингвотанымдық талдау жасайды.

Тақырып бойынша МҚҚ-тің жазбаша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:

-Эссе жазу. Тақырыбы: «Дұрыс тыңдай білу – табысты сұхбаттасу кепілі»;

Эссе ғылыми-танымдық сипатта болып, мына мәселелерге назар аударылуы тиіс:

а) тыңдай білу – ұқыптылық, ынталылық белгісі;

ә) мұқият тыңдау – жүйелі ойлауға жетелейтін бірден-бір жол;

б) тыңдау – дұрыс сөйлеу әрекетін қалыптастыратын құрал;

Эссе студенттің ойының тереңдігі мен өзіндік көзқарасының ерекшелігін және мамандығы бойынша білім деңгейін көрсетуі тиіс.

- Кесте жасау. Салыстырмалы талдау кестесі жасалынуы тиіс. Үлгіге екі мәдениет алынады. Олардың әлеуметтік және лингвомәдени ерекшеліктері ескеріледі. Сөйтіп тілдесім кезінде байқалатын екі мәдениетке тән ұлттық ділдің айырмашылықтарына мысалдар келтіру арқылы салыстыру жасалынады.

Мақала жазу. Тақырыбы: «Ана тілі мен шетел тілі арасындағы этнолингвомәдени қақтығыс". Мақалада барлық негізгі мәселелер толық баяндалып, бірнеше ғалымнан дәйексөздер келтіріліп, әлем бейнесін танып білудің айырмасы ретіндегі «лингвоэтникалық тосқауылдың» себептері көрсетіліп, айтылған ойлар дәлелденіп, қорытынды шығарылуы тиіс.

- Шолу жасау. Көзқарас эволюциясы тұрғысынан мәдениетаралық қатысымды құрайтын үш негіздің өзара байланысына талдау жүргізіп, жазбаша түрде қысқаша шолу әзірлеңіз.

<u>Кәсіби-салалық ая</u>

Х тақырып. «Тіл және әдебиет» деп аталатын **ТЛК төмендегі тақырыпшаларда ашылады:** а) «Әдебиеттануға кіріспенің заманауи тенденциялары»; ә) «Мәтін және дискурс лингвистикалық талдаудың нысаны ретінде»; б) «Дискурстың функциональды-типологиялық ерекшелігі оқытудың пәні ретінде»;

Тақырып бойынша МҚҚ-тің ауызша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:

-Полемикалық дискурс: Тақырыбы: «Әдебиет - лингвомәдениеттанулық зерттеулер азығы».Тақырып бойынша үш студент сөйлейді. Біреуі тақырып бойынша хабарлама жасайды, екіншісі – тақырыпты сипаттайды, үшіншісі – тақырыпқа өзіндік қорытынды шығарады. Тыңдап отырған студенттер үшеуінің айтқандарына өз пікірлерін қосып, айтылған ойларды түйіндейді. Соңынан жүргізуші ұқсас пікірлер мен қарсы пікірлерді санайды. Ой ұтқырлығымен ерекшеленген студенттерді атап айтады.

- Ойжарыс өткізу. Тақырыбы: « Қазіргі заман дискурсы – мәдениетаралық қатысым негізі». Студенттер тақырып бойынша ой жарыстырады, сөз

таластырады.Ұтымды ойлар мен ерекше пікірлер атап айтылады.

Тақырып бойынша МҚҚ-тің жазбаша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:

-Эссе жазу. Тақырыбы: «Әдебиет – өмір айнасы». Эссе беллетристикалық сипатта болуы тиіс.

- Шолу жасау: Тақырыбы: «Мәтін мен дискурс: мәні, маңызы, оқыту пәні ретіндегі мәртебесі».

Тақырыптың мәдениетаралық қатысымдағы маңызына, орнына, пән ретіндегі өзіндік мәртебесіне сараптама жасап, талдап көрсетіп, жазбаша шолу жасап ұсыну қажет.

XI тақырып. Мәтін және дискурстың заманауи мәселелері» деп аталатын **ТЛК төмендегі тақырыпшаларда ашылады:** а) «Дискурстың пәнаралық болмысы»; ә)Дискурстың заманауи теориялары. б) Дискурстың қазіргі топтастырылуы: принциптер және олардың дифференциациясының критерийлері»; б) ғ) «Дискурстың заманауи жанрлық көптүрлілігі мен прагмо-функциональдылығы дискурстық талдау типологиясының негізі ретінде».

Тақырып бойынша МҚҚ-тың ауызша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:

-Хабарлама жасау. Тақырыбы: «Дискурстың пәнаралық болмысы». Тілдік актілер теориясының бағыты тұрғысынан лингвистикада дискурс ұғымын анықтауға қажетті негізгі тәсілдерді сипаттай отырып, хабарлама жасаңыз. .

-Пікірталас өткізу. Тақырыбы: «Мәтін және дискурс лингвистикалық талдаудың нысаны ретінде». Студенттер теориялық әдебиеттердегі мәтінге берілген анықтамаларды жүйелендіріп, қай дефиницияны ұстанатыны және неліктен ұстанатыны туралы айтып, жарыссөзге шығады.

- Брейн-ринг өткізу. «Дискурстың функциональды-типологиялық ерекшелігі» тақырыбында жасалған баяндаманы талқылайды. Талқылауда студенттердің өздері кімнің қалай сөйлегенін, кімнің пікірі анық, дәл, нақты, кімнің ойы терең, кім сөзі мен ойының ешкімге ұқсамайтындығымен ерекшеленгенін, ал кімдікі керісінше болғандығын айтады. Өз сөздеріне өздері сараптама жасап және оны қорытады. Теориялық әдебиеттердегі дискурс жайлы көзқарастарға түсініктеме береді.

Тақырып бойынша МҚҚ-тің жазбаша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:

-Ақпараттық-реферат жазу. Ресейлік және қазақстандық лингвистикада дискурс ұғымын анықтауға қатысты жүргізілген зерттеулерді талдап, салыстыра отырып, ақпараттық-реферат жазыңыз;

-Хабарлама тезисі: «Дискурстың заманауи теориялары». Ресейлік және қазақстандық лингвистикадағы дискурс ұғымына қатысты әлеуметтік-мәдени көзқарастың ерекшелігін анықтап, тезис жазыңыз.

<u>«Медиа коммуникациялар» аясы</u>

XII тақырып. «БАҚ аясындағы лингвистика» деп аталатын **ТЛК төмендегі тақырыпшаларда ашылады:**

а) «Заманауи медиамәтін теориясы (радио, кино, теледидар, жарнама, ғаламтор тілі)»; ә) «Кәсіби интерактивті қатысым аясындағы лингвистика (интервью, публицистика, репортаж)»; б) «Телекоммуникация және телеөнім: контент жасау ерекшелігі, материалды өңдеу, тележурналистикадағы телеөнім үлгісі»; в) «БАҚ-ғы дискурс үлгісі»; г) «Бұқаралық қатысымның заманауи теориялары, олардың топтастырылуы»; ғ) БАҚ-та қолданылатын сөйлеу әрекетінің ерекшелігі мен ондағы тілдік-қатысымдық стратегиялар мен тактикалар әдістемесі мен типологиясы.

Тақырып бойынша МҚҚ-тің ауызша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:

-Дебат. Тақырыбы: «Қазіргі тележурналистер тілі және ол туралы қоғамдық пікір».

Екі аргумент шығарылады: 1. Тележурналистика - қоғам мен әлеуметтік өмір шындығының көрінісі; 2. Қазіргі тележурналистер тіліне көпшіліктің көңілінің толмау себептері.

-Рөлдік ойын: Пресс-конференция Тақырыбы: «Вертуальды әлем».

Студенттер телерадио журналистерінің, жарнама агенттігі қызметкерлерінің роліне енеді. Қазіргі әлемге, адамдардың өміріне ғаламтордың ықпалы мәселесіне байланысты бір-біріне әртүрлі сұрақтар қояды. Соңынан жүргізуші ойынды қорытындылайды.

Тақырып бойынша МҚҚ-тің жазбаша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:

-Эссе. Тақырыбы: «Интервьюлер мен репортаждардағы сөз қолданыс ерекшелігі»

-Тұжырым жасау. Газет тілінің өзіндік ерекшелігі» тақырыбы бойынша оның ақпарат құралы ретіндегі мән-маңызына, роліне талдау жүргізіп, жазбаша шолу және сол шолу бойынша тұжырым жасап ұсыну қажет.

XIII тақырып. «Телекоммуникация дискурсындағы негізгі интерактивті лингво-прагматикалық үлгілер және олардың метатілдік дифференциациясы» деп аталатын **ТЛК** төмендегі тақырыпшаларда ашылады:

а)«Медиаөнімнің сөйлеу стратегиялары мен тәсілдеріндегі көрінісі және тілдік қатынас кезіндегі әрекет ету өрісі»; ә) «Түрлі стильдегі теледискурстардың функциональды-дифференциалдық сипаты.»; б) «Медиа-лингвистика теориясы мен практикасының қалыптасуы».

Тақырып бойынша МҚҚ-тің ауызша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:

- Дөңгелек үстел. Әуелі баяндама жасалынады. Баяндама тақырыбы:

«Теледискурстардың құрылымдық ерекшеліктері ".
Баяндамададан соң жарыссөзде студенттер мына мәселелер бойынша сөйлеуі тиіс:
а. Теледискурстың өзіндік өзгешелігі неде?;
ә. Телеөнімнің лингвистикалық ерекшелігі неде?
Б. Заманауи теледискурстар халықтың көңілінен шығып жүр ме?

Дөңгелек үстелді модератор жүргізіп, әрбір сөзді қорытып, тұжырым жасап отырады.

-Салыстырмалы талдау жүргізу. Заманауи көркем әдебиет пен ғылыми әдебиетке салыстырмалы талдау жүргізіңіз.

Тақырып бойынша МҚҚ-тің жазбаша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:

-Пікір жазу. Баспа өнімінің түрлі жанрларына (роман, повесть, поэма) арналған рецензиялардан мысалдар алып, оларға қаламгер мен оқырман арасындағы өзара түсінісу мен өзара әрекет етудің үлгісі ретінде қарап, мысалдар келтіріңіз. Соңынан ондай рецензияларды өз тарапыңыздан бағалап, сипаттама беріп, пікір жазыңыз.

-Интерпретация жасау. Лингвистикалық және экстралингвистикалық әдістерді пайдалана отырып, бір телехабар мәтініне жазбаша интерпретация жасаңыз.

XIY тақырып. «Редакциялық-басылым және PR технологиясындағы лингвистика (көпшілікпен байланыс)» деп аталатын **ТЛК төмендегі тақырыпшаларда ашылады:**

а)« Редакциялық-басылым қызметі: жазбаша басылым өнімінің лингво-кәсіби ерекшелігі»; ә) «Журналистік жазбаша және ауызша кәсіби өнімнің баспа түріндегі және ауызша түрдегі теориясы мен тәжірибесінің заманауи тенденциялары»; б) «Журналистік ауызша және жазбаша шығармашылықтың жанрлық және стильдік түрлері»; в) «Жазбаша креативті өнімнің стилистикасы мен құрылымы»; г) «Дискурс жанрының ерекшелігі және олардың PR технологиясындағы типтері мен үлгілері».

Тақырып бойынша МҚҚ-тің ауызша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:

-Пікірталас өткізу. Тақырыбы: «Баспа саласындағы классикалық теорияның аса әйгілі үлгілері және олардың шығу арналары». Студенттер деректер мен оқиғалардан, тарихи құжаттардан мысалдар келтіріп, жарыссөзге шығады. Баспа ісіне қатысты классикалық теорияның аса әйгілі үлгілерін мысалға келтіріп, әлемдегі, еліміздегі ең алғашқы басылымдар мен олардың тіліне талдау жасайды.

-Аналитикалық талдау. Ежелгі өркениеттегі тілдік коммуникация түрлеріне мысалдар келтіріп, талдау жасайды.

Тақырып бойынша МҚҚ-тің жазбаша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:

-Кесте жасау..Қолданбалы лингвистика саласы бойынша жүзеге тиімді асып келе жатқан теорияларды кесте арқылы көрсетіңіз.
-Салыстырмалы талдау. Ағылшын тіліндегі немесе орыс тіліндегі бірде-бір концептімен не мақалмен сәйкес келмейтін, қазақ тілінен бірнеше лингвомәдени концептіні не мақалды көрсетіңіз. Оларға фреймдік салыстырмалы талдау жүргізіңіз.

«Классикалық және заманауи филология аясы

XIV тақырып. «Византия және ежелгі грек кезеңіндегі тарих, мәдениет, тіл мен әдебиетті оқыту» деп аталатын **ТЛК** төмендегі тақырыпшаларда ашылады:

а) «Антикалық әдебиет және ежелгі Греция мен Римнің тарихы мен өнері»; ә) «Антикалық әдебиет пен тарихтағы мифология», б) «Антикалық әдебиет пен мифология – классикалық филологияның негізгі шығу арналары», в) «Семиотика, риторика, мәдениеттану мен тіл теориясы эволюциясын салыстырмалы-тарихи зерттеу».

Тақырып бойынша МҚҚ-тің ауызша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:

-Рөлдік ойын. Тақырыбы**: «**Миф – қазіргіні, бұрынғыны және болашақты жалғастырушы». Әлемнің мифологиялық бейнесі адам мен табиғат, макрокосма мен микрокосма арасындағы ұқсастыққа ең аз дегенде аталған мәселелер арасындағы байланысқа негізделетіндіктен, студенттер осы ұқсастықты көптеген мысалдар келтіріп, оны ойнап, ойын үстінде сөйлеп көрсетеді. Ойын студенттердің мифологияны классикалық филологияның негізгі шығу арнасы деп түсініу қабылетін дамытумен бірге олардың тілдік қатынасқа құзыреттілігін, іздену, ойлау қабылетін жетілдіреді.

- Полемикалық дискурс. Тақырыбы: «Риторика, шешендік өнер - тіл мен мәдениетті байланыстыра зерттеудің қайнар көзі». Тақырып бойынша екі баяндама жасалынады да, студенттер жарыссөзге шығады. Әркім өз ойын айтып, ой таластырады, пікір жарыстырады.

Тақырып бойынша МҚҚ-тің жазбаша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:

-Салыстырмалы талдау жасау: «Ежелгі Греция мен Римнің өнерін осы елдердің қазіргі өнерімен салыстырып, кесте жасаңыз. Бұл елдердегі өнердің қазіргі даму қарқынын көрсетіңіз».

- Мақала. Тақырыбы: «Семиотиканың тілді мәдениет арқылы меңгертіп игертуге қатысы». Мақала осы тақырыпқа қатысыты үш еңбектен дәйексөздер алынып, ғылыми стильде жазылуы тиіс.

XV тақырып. «Заманауи лингвистика» деп аталатын **ТЛК** төмендегі тақырыпшаларда ашылады:

а)« Лингвистикадағы және мәдениетаралық қатысымдағы заманауи

тенденциялар мен теориялар»; ә) «Қазіргі лингвистикалық зерттеулердің мәдениетаралық қатысымға ықпалы»; б) «Заманауи лингвистиканың лингвомәдениеттанымдық аспектілері»; в) «Лингвистиканың қолданбалы аспектілері».

Тақырып бойынша МҚҚ-тің ауызша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:

-Өзара еркін әңгімелесу: Тақырыбы: «Мәдениетаралық қатысым тәжірибесі және оған қазіргі лингвистикалық зерттеулер ықпалы». Студенттер үш топқа бөлініп, жобалау әдісі бойынша әңгімелеседі. Мысалы, бірінші топ, «Заманауи лингвистикадағы лингвомәдениеттанулық ойлар»; екінші топ, «Тіл мен мәдениет және мәдениетаралық қатысым»; б) «Мәдениетаралық қатысым және тілдік тұлға».

Студенттердің өзара еркін әңгімесін оқытушы қорытады.

-Кейс тапсырмалар:

а) «Лингвистиканың танымдық аспектілері тілді зерттеу бағытында өзекті болып саналады. Оның мәдениетаралық қатысымға да ықпалы өте күшті» деген көзқарасқа өз ойыңызды қосып, дәлелдеңіз.

ә) «Тіл мен мәдениеттің байланысы тілді оқытып, үйрететін аспект емес, мәдениетаралық қатысым үшін қажет мәселе. Ол лингвоелтану сияқты лингводидактикалық стратегия ролін атқармайды» . Осы пікір туралы өз ойыңызды айтыңыз.

Тақырып бойынша МҚҚ-тің жазбаша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:

-Эссе: «Ұлттық ділден туындайтын мағына ұлттық таным көрсеткіші».

-Баяндама. Тақырыбы: «Екінші тілдік тұлғаның қалыптасуы лингвомәдениеттанулық құзыреттілік белгісі».

XYI тақырып. **«Әдебиеттануға кіріспе»** деп аталатын **ТЛК** төмендегі тақырыпшаларда ашылады:

а) «Классикалық филологияның базалық теориялары»; ә) «Заманауи филологияның негіздері мен тарихи-мәдени арналары»; б) «Әлеуметтік-мәдени контекстегі тіл; в) Әлемнің тілдік бейнесі және лингвомәдениеттану»; г) «Тіл және діл».

Тақырып бойынша МҚҚ-тың ауызша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:

-Дөңгелек үстел. Баяндама тақырыбы: «Тіл – қоршаған ортаның айнасы, халықтың, этникалық топтың, қарым-қатынас құралы». Баяндамададан соң жарыссөзде студенттер мына мәселелер бойынша сөйлеуі тиіс:

а. Баяндамашының сөзін құптай сөйлеу;

ә. Баяндамашының айтқандарына қарсы шығу;

б. Баяндамашының айтпай кеткен мәселелерін айту.

Дөңгелек үстелді модератор жүргізіп, әрбір сөзді қорытып, тұжырым жасап

отырады.
-Полемикалық дискурс. Мынадай тақырып бойынша жүргізіледі: «Мақал-мәтелдер және ұлттық діл». «Не жақтау не теріске шығару мақсатында екі аргумент шығарылады. «Мақал-мәтелдер белгілі бір тілдің әлемді тану тәжірибесін қалай жинақтайды?», «Мақал-мәтелдер арқылы әлемнің тілдік бейнесін қалай көрсетуге болады?» деген сұрақтар бойынша өз ойларын айтады, қорытынды жасайды. Сөйлеу барысында тілдегі ұлттық стереотиптерді түсініп, өз сөзінде орнымен қолдануы тиіс. Сөйтіп ұлттық тілдің ұлттық ділден туындайтынын түсініп, игергенін көрсетуі тиіс. Бұл мәселелер студенттің тақырыпқа қатысты ой таластыруынан, сөз жарыстыруынан, өз пікірлерін еркін дәлелдей алуынан байқалуы тиіс.
-Брейн-ринг өткізу. «Әлемнің тілдік бейнесінің қалыптасуында концептосфера мәселесінің алатын орны» тақырыбындағы пікірталасты талқылайды. Концепт,таным мәселесін, Ресейлік және Отандық зерттеушілердің танымдық-лингвомәдениеттанулық көзқарастарын, әлемнің концептуальдық және тілдік бейнесі ұғымдарын талқылайды. Талқылауда студенттер өз сөздеріне өздері сараптама жасап және оны қорытады.
Тақырып бойынша МҚҚ-тің жазбаша түрлерін дамыту үшін төмендегі тапсырмалар ұсынылады:
- Ақпараттық-реферат жазу. Тақырыбы: ««Заманауи зерттеулердегі «әлемнің тілдік бейнесі» және «әлемнің концептуальды бейнесі» ұғымдары».
Реферат ақпараттық болғандықтан барлық негізгі мәселелер толық баяндалып, дәлелдер келтіріліп, қорытынды шығарылады.
- Хабарлама жазу. Әуелі хабарлама тезистері жазылады. Олардың тақырыптары:
  - а) «Тілдік таным және ұлттық діл»; ә) «Мәдени концепт және оның өзіндік ерекшелігі».
